



## БАҚЫТ ҚҰШАҒЫНДА (Бибатпа Көшімова әріптесім туралы)

**Нағбду ҚАМАРОВА,**  
Yessenov University профессоры,  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі



Есенов университетінің қазақ филологиясы кафедрасы университеттегі мандайалды, ғылыми әлеуеті жоғары кафедралардың бірі. Оның әр мүшесі туралы ауыз толтырып айтар әңгіме көп. Кафедра құрамының 80 пайызы – нәзік жандылар. Отбасы шағын мемлекет болса, сол мемлекеттің шаруасын үйіріп әкететін – әйел. Әйел – ана, әйел – жар. Бір сөзбен айтқанда, әйел – отбасының ұйытқысы. Ер азамат үйдің егесі болса, әйел үйдің шегесі. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Қарап отырсақ, қазір арамызда тек үйде бала-шағасына қарап, үй тірлігімен ғана айналысатын әйелдер аз. Керісінше, қыз-келіншектер үйдің де, түздің де жұмысын істеп, бәріне үлгеріп жүр. Тіпті ағайын-туысқа да қызмет етіп, өзіне қарауға да уақыт бөледі. Қысқасы, қазіргі әйел бейнесінің қыры көп.



Біздің бүгінгі әңгімеміз адал жар, аяулы ана, ұлағатты ұстаз, білікті ғалым Бибатпа Әмірханқызы хақында болмақ.

Көшімова Бибатпа Әмірханқызы 1970 жылы 20-шілдеде Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы Жыңғылды ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Ол Маңғыстау ауданы Шетпе ауылындағы №4 орта мектепті бітіргеннен кейін, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетіне оқуға түсіп, осы оқу орнын 1992 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1992 жылы Тұщықұдық ауылындағы С.Жанғабылов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған Бибатпа Әмірханқызы 1995 жылы Атырау педагогикалық университеті Ақтау филиалының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасына оқытушылық қызметке ауысады. Осы кезден бастап Ш. Есенов атындағы КТИУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор м.а. және 2012 жылдан 2020 жылдар аралығында «Педагогика» факультетінің деканы болып қызмет етті. «Педагогика» факультетінің деканы қызметінде ұжым арасында беделді, өз ісін жауапкершілікпен атқаратын басшы ретінде қызметін абыроймен атқара білді. Қазіргі таңда «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры болып, ұстаздық қызметімен қатар Есенов университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы қызметін қоса атқаруда. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 34 жыл. Ал Есенов университетінде – 30 жыл. Б.Көшімова білімді, тәжірибесі мол, сабақ жүргізу тәсілі жоғары, жас ұрпаққа терең де тиянақты, теориялық білім беруде күш жігерін аямай жұмсай білетін ұстаздар санатында.

Бибатпа Әмірханқызы қызметкер отбасында дүниеге келген. Әкесі Әмірхан, анасы – Айдаш алты баланы тәрбиелеп өсірген. Ұл-қыздарына жоғары білім берген. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған асыл жанды адамдар еді. Бибатпа отбасының – тұңғышы.

Бибатпа Әмірханқызы: «Мен мұғалімдікке жүрек қалауыммен келгенмін, сондықтан да өмірдегі басты миссиям – бұл жастарға білім беру, білгеніммен бөлісу. Мұғалімдік миссияға адал болу үшін, алдымен адамдық миссияға адал болу менің басты ұстанымым болды» - дейді. Ол студенттерге «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы мен сөзжасамы», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» және өзінің авторлық курсы «Маңғыстау топонимиясы» бойынша дәріс оқып, тәжірибе сабақтарын жүргізеді. Ғылыми, әдістемелік жұмыстармен шұғылданумен қатар, тәрбиелік шаралар ұйымдастыру, түрлі қоғамдық жұмыстар атқаруда елеулі үлес қосып келеді. Атап айтсақ, Маңғыстау



облыстық «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің және Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы Ономастикалық комиссияның мүшесі.

Б.Ә. Көшімова университетке қызметке орналасқан кезден-ақ студенттерге білім берумен қатар үздіксіз ғылыми жұмыстармен айналыса бастайды. 1998-2001 жылдар аралығында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ізденуші болып тіркеліп, 2001 жылы «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Б.Ә. Көшімова – тынбай еңбектенуінің және ғылыми әлеуетінің жоғарылығы арқасында қазақ тілі біліміне, оның күрделі саласы ономастикаға айтулы үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Ол кандидаттық диссертация қорғаған кейін, 2001 жылдан бері қарай, зерттелуі кенже қалып келе жатқан Маңғыстаудың жер-су атауларын барынша жинақтап, кешенді түрде зерттеуді қолға алды. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары бойынша 70-ге жуық ғылыми мақаласы халықаралық (Қытай, Германия, Болгария, Ресей, Украина, Әзербайжан, Қырғызстан т.б. елдердің), республикалық конференцияларда, ғылыми журналдар мен импакт-факторы бар журналдарда жарияланып, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Лингвистикалық жұма» атты ғылыми семинарында баяндалған. Осы уақытқа дейін ғалымның Маңғыстау өңірі жер-су атауларына қатысты бірнеше еңбектері жарық көрді. Атап айтқанда, «Маңғыстау топонимиясы» (оқулығы, 2010); «Маңғыстау өңірі топонимдеріні түсіндірме сөздігі» (24 б.т. 2010); «Маңғыстау өңірі топонимиясын қалыптастыратын халықтық немесе жергілікті географиялық терминдер мен басқа сөздер сөздігі» (2012); «Маңғыстау өңірі жер-су атауларының қазақша-орысша, ағылшынша түсіндірме сөздігі» (2012); «Маңғыстау өңірі топонимиясының тарихи, мәдени, энциклопедиялық ақпараттар жүйесі» (монография, 19 б.т., 2011); Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі бақармасының тапсырысы бойынша дайындалып, басылып шыққан «Маңғыстау топонимиясы» атты жинағы (2014); Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Үстірттегі көненің көздері» (33 б.т., 2017) атты кітап-альбомы жарыққа шықты. Сонымен қатар Маңғыстау телеарнасының «Бабалар ізімен» танымдық жобасында Маңғыстаудың тарихи жерлері, су көздері, олардың маңызы, мән-мағынасы туралы ақпарат беріп, хабарға түсіп отыруы дәстүрге айналған.



Ғалым қазіргі таңда топонимиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарын одан әрі кеңейтіп, «Каспий маңы елдері топонимиясындағы түркі тілінен енген атаулардың тарихи-лингвистикалық, этномәдени негіздері» тақырыбы бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алды. «Бұл жобада Каспий маңы елдері дегенде Каспий теңізімен шектесетін Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан елдерінің топонимиясының қалыптасу тарихы, көші-қон мәселесі, топонимдердің, географиялық терминдердің таралу ареалы т.б. мәселелер қарастырылатын болады» – дейді ғалым. Әзербайжан қаласы Шушада Түрксой Түркі мәдениеті мен өнерін дамыту жөніндегі халықаралық ұйымға мүше мемлекеттердің 40-отырысы өтіп, онда 2025 жылы Ақтау «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болады деп маңызды шешім қабылданғаны баршаңызға мәлім. Сондықтан да бұл аталған бағыттағы бастаған ғылыми-зерттеу еңбегі түркі әлеміне қосылатын құнды зерттеу болады деп есептейміз. Ол өзінің университеттегі ұстаздық және ғылыми қызметтерімен қатар өзін жан-жақты дамытуға, жаңа бағытта ізденуге үлкен мән беретін әріптестеріміздің бірі. Университет ұстаздарымен қатар Ресейдің «SkilLFolio» платформасынан «SkilLFolio junior эксперт» бағдарламасын (72 сағат) меңгеріп, арнайы сертификатқа ие болды.

Б.Ә. Көшімова өзінің «Soft skills: тұлғалық және кәсіби дамуға арналған икемді дағдылар» атты қазақ тіліндегі 6 модульдан тұратын онлайн авторлық курсы одан әрі жетілдіріп, курсы Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары білім алушыларының оқуына мүмкіндік беретін Халықаралық дәрежеде статусы бар «COURSERA» платформасына жүктеп, тыңдармандар аудиториясын қалыптастырды.

Б.Ә. Көшімова жемісті еңбек пен тынымсыз еңбегінің арқасында, жоғары оқу орындарының ұстаздары арасында жыл сайын жарияланатын бәйгеде топ жарып, 2010 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алды. 2014 жылы Маңғыстау облысы бойынша «Жыл адамы» байқауында «Жыл ғалымы» номинациясының жеңімпазы. 2015 жылы ҚР Президентінің сайлау науқанына белсенді қатынасқаны үшін Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғысымен марапатталған. Бірнеше рет Маңғыстау облысы әкімінің Алғысымен (2014, 2015 жж) марапатталған. 2023 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С. Нұрбектің Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлесі мен адал қызметі үшін Алғыс хатымен, 2023 жылы «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Бұл марапат та өз



иесін анық тапқанына қуандық. Бибатпа – университеттегі ғылыми кеңестің ғалым хатшысы бола жүріп, барлық құжатты қазақ тіліне аударды, ғылыми кеңес, жиналыстардың тек қазақ тілінде жүргізілуіне тікелей мұрындық болды.

Б.Ә. Көшімова – бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесік тербеткен сүйікті жар, асыл ана. Жолдасы Дүйсебеков Нұрлан Хибадуллаұлы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін «механик» мамандығы бойынша бітіріп, қазіргі таңда «Қаражанбасмұнай» АҚ-да басшылық қызметте. Екеуі сол студенттік кезде Алматы қаласында кездесіп, отбасын құрады. Жолдасымен 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, Ильяс, Шерхан атты екі тәтті немеренің қызығын көріп отырған бақытты отбасы. Қайын ене топырағынан дегендей екі келіні Айзада мен Ақгүл де – инабатты жандар. Ұлдары Еркебұлан, Руслан жоғары білікті мамандар. Ұлы Еркебұлан Пекин мұнай-газ университетін «Мұнай инженері» мамандығы бойынша тамамдап, қазіргі уақытта «Қаражанбасмұнай» АҚ-да геолог болып еңбек етеді. Руслан Абердин университетін (Англия) «Мұнайгаз ісі» мамандығы бойынша, магистратураны Хериот-Ватт университетінен «Мұнайгаз ісі» мамандығы бойынша бітірген. Қазіргі таңда «Қазақ мұнай және газ ғылыми-зерттеу және жобалау институты АҚ-да аға ғылыми қызметкер болып жұмыс жасайды. Қызы Ақниет Бибатпа Әмірханқызы өзі білім алған білім мен ғылымның қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті Филология факультетінде «Шет тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім алуда. Биыл 4-курсын тамамадап, білікті маман болмақшы.

Бақыт құшағындағы Бибатпаны танитын әрбір жан «Әйел бақыты неде?» деген сауалды тікелей қояры сөзсіз. «Әйел бақыты деген, ол – сүйікті болу, сүйікті жар атану, сәби сүю, ер-азаматты құрметтеу, отбасына да, қоғамға да, ғылымға да адал қызмет ету. Кейде бәріне үлгеруге уақыт жетпейді деу – қате пікір. Уақытты тиімді пайдалансаңыз, бәріне үлгеруге болады. Керісінше көбірек міндет болған сайын уақыттың қадірін жақсы білеміз. Тұрмыстық міндеттер ғылыммен айналысуға кедергі болмайды деп ойлаймын», - дейді Бибатпа Әмірханқызы. Арамызда Бибатпа сияқты салиқалы жандардың үлгілі істері, саналы ғұмыры – толыққанды қоғамның кепілі. Бибатпаның ғалымдық, ұстаздық еңбегіне толайым табыстар тілей отырып, «Шыққан биігің аласармасын, Бибатпа!» дегім келеді.